

А.М. Рахметова, Г.С. Ашимханова, А.С. Кударина

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: banu_asyl@mail.ru)

Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілін дамытуда қолданатын электрондық оқулықтың маңыздылығы

Мақалада психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілін дамытуда қолданатын электронды оқулығымызды қолдану арқылы психикалық дамуы тежелген оқушылардың тек қана сөйлеу тілін ғана дамытуына ықпалын тигізіп қана қоймай, қайта олардың таным процестерінің, қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынасының дамуына, сынып оқушыларын татулыққа, бірлікке, бір сөзбен айтқанда, адами қасиеттерге баулуға өз септігін тигізеді, сонымен қатар психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілін дамытуда оқыту процесін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту, тәсілдерінің қажеттілігін жоғарлатады.

Кілт сөздер: психикалық дамуы тежелген оқушылар, электрондық оқулық, білім берудегі АКТ, оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары, қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары, компьютерлік оқыту технологиялары.

Шапшаң жүріп жатқан заманауи үрдісі елімізде бәсекелестікті күшейте түсуде. Елбасы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылу стратегиясы» атты Жолдауында: «Білім беру реформасы — Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі», — деп атап көрсетті [1, 2].

Келер күнімізге аттамас бұрын бүгінгі ұстаздың кім екендігіне баға беріп көрейік. Бүгінгі таңда мұғалім ата-ана, бала бағбаны, қоғам қайраткері. Мұғалім — оқытушы маман, мұғалім — ұлағатты ұстаз, мұғалім — білім авторы, мұғалім — технолог, мұғалім — жаңалықты дәріптеуші, таратушы, үйретуші. Қазіргі заманымыздың даму болашағы қоғамның даму үрдісімен үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әр түрлі тегімен анықталады. Болашақ жастарға білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етілуде.

Осыған орай қоғамымыздың дамудың жаңа кезеңіне бет буруда, бұл кезең ақпараттық кезең, компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. Білім беру саласындағы кеңінен қолданылатын ұғымдардың бірі — АКТ, яғни «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б. тіркестермен тығыз байланысты.

Мемлекетіміздің білім беру жүйесін ақпараттандыру отанымыздың даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі, себебі ХХІ ғасыр — білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры.

Білім беру жүйесіндегі инновациялық үрдістердің күрт дамуы кезеңінде үлгерімділігі жоғары балаларға баса назар аударылып, керісінше, үлгерімі төмен, атап айтар болсақ, психикалық дамуы тежелген оқушылар педагогикалық қауымдастықтың назарынан тыс қалып отыр.

Психикалық дамуы тежелуі мәселесін зерттеулерімен біздің заманымызға дейінгі көптеген ғалымдар қатары айналысты. Олар мектептегі үлгермеу мәселесін бірқатар себептермен байланыстырады:

- психикалық дамуы тежелуіне байланысты баланың мектептегі оқуға дайын болмауы;
- мектепке дейінгі жаста (әсіресе 3 жасқа дейін) балалардың ұзақ уақыт науқастанулары салдарынан соматикалық әлсіздік жағдайына ұшырау;
- анализаторлардың кемшіліктері (есту, сөйлеу).

Сонымен бірге психикалық дамуы тежелген балалардың мектептегі жүйелі оқуға дайындығының параметрлері тағайындалды:

- психикалық дамуы тежелген балалардың айнала қоршаған орта туралы белгілі бір деңгейдегі білім қоры, алғашқы мағлұматтары қалыптасқан болуы қажет;
- психикалық дамуы тежелген балалардың ойлау операцияларын, машықтарын меңгеруі қажет;

- психикалық дамуы тежелген балалардың сөйлеу тілі белгілі бір деңгейдегі дамуы шарт (фонетикалық мағлұматтары, сөздік қоры, грамматикалық құрылымы);
- психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық белсенділігі болуы шарт;
- психикалық дамуы тежелген балалар өз мінез-құлқы мен тәртібін реттей білуі қажет.

Салыстырмалы түрде қарастыратын болсақ, жалпы білім беретін орта мектептердің оқушыларын зерттей келе, ғалымдар үлгерімі нашар оқушылардың 50 % жоғарыдағы 5 параметрдің барлығынан да кейіндеп қалғандары анықталған. Берілген мәлеметтерге сүйене отырып, бұл балалар ПДТ бар балалар тобына жатқызылған. Мектептегі білім алу процестерінде үлгермеу мәселесі негізінен бастауыш сыныптарда анықталатын болғандықтан, коррекциялық-дамыту жұмыстарының дені осы кезеңдерге жоспарланады [3].

Қоғам сұранысынан туындап отырған талаптарға сәйкес психикалық дамуы тежелген балалардың ой-өрісін дамытып, алған білімдерін өз тәжірибесінде жаңа жағдайларда қолдана алу біліктілігі қалыптасқан, ізденімпаз шығармашылық тұлға қалыптастырудың бірден бір жолы, жоғарыда айтылып өткендей, оқыту мен тәрбиелеуді жаңаша ұйымдастыру.

Заманауи зерттеулер негізінде балалардың психикалық дамуының тежелу мәселесі дүниежүзілік психологтар мен педагогтардың бірден бір көкейтесті мәселенің бірі болып табылатындығы айқын көрсетіледі.

Психикалық дамуы тежелген балалардың тек қана психикасы бұзылған деп қарамау керек, сонымен қатар олардың дене мүшелері мен тілдерінде де дамымаушылықтарда жиі кездеседі. Әдетте, психикалық дамуы тежелген балалардың тілінде кемістікті байқаймыз. Бірақ бұл жағдай да түрлі сөйлеу патологиясымен байланысты емес, яғни, ол ақыл-ойы дұрыс балаларда да көрініс беретін кез келген сөйлеу мәнерінің бұзылуы болып табылады. Алайда психикалық дамуы тежелген оқушылар тобында да сөйлеу мәнерінің фонетикалық-фонематикалық тұрғыда дамымай қалу жағдайы жиі кездесіп жатады.

Барлығымызға белгілі түзете дамыта оқыту сыныптарындағы психикалық дамуы тежелген оқушылар ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес білім алады. Психикалық дамуы тежелген балалардың көп жағдайда бір бөлігінің сөйлеу тіліннің жүйелі түрдегі бұзылыстары болады, ал бұл олардың тақырыпты меңгерулеріне кедергі келтіреді. Сондықтан осы оқушыларды оқытудағы түзету міндеттерінің біріне сөйлеу тілін жан-жақты дамыту жатады. Психикалық дамуы тежелген балалардың тілін дамыту — қазіргі кезде оқу-тәрбие ісіндегі басты мәселе. Бастауыш мектеп бағдарламасында балалардың жас ерекшелігіне сай тапсырмалар, жаттығу жұмыстары беріледі, сол себептен тіл дамыту жұмыстары мәтіндерді оқу, оны мазмұндап айту, сұрақтарға жауап беру және мазмұндама мен шығарма жаздыру арқылы жүзеге асырылады.

Психикалық дамуы тежелген оқушыларды оқытуда тіл дамыту жұмыстары төмендегідей бағытта ұйымдастыруды ұсынамыз.

Оқыту үрдісін ақпараттандыру — жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап саралап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын арттыруды көздейді. Бүгінгі таңда білім беру жүйесін ақпараттандыру ісінің басты мақсаты заман талабына сай ақпараттық қоғамның шарттарына сәйкес білім алатын балалардың тұрмыстық, қоғамдық және кәсіптік өмір салаларына толық әрі тиімді араластыру болып табылады.

Мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларды жан-жақты қалыптастыру негізінен осы балаларға арналып жасалған электронды оқулығымыз арқылы жүзеге асырылды. Оқу жоспары бойынша психикалық дамуы тежелген танымдық әрекеттерін дамыту, қоршаған ортамен танысу және әр түрлі құбылыстардың себебін және оның өзгерістерін анықтау, тіл дамыту, еңбекке баулу, әр түрлі пәндерді арнайы дидактикалық әдістермен игеру қарастырылған. Сонымен қатар бұндай балаларға сабақтан тыс, ойын ретінде өтілген сабақтарды қайталап отыру, баланың есте сақтау жадында жақсы сақталады.

Бүгінгі таңда алдымызда білім беру саласының жүйелі даярланып берген білімді, дағдыларды жоғары деңгейде меңгертетін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істей алатын, тың жаңалықтар ашатын, бір тума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытудың маңызды мәселе екендігін көрсетеді. Жалпы оқушылардың сөйлеу әрекеті ғылыми-педагогикалық мәселелер едәуір зерттелген. Балалардың өн бойында сөйлеу әрекет тәжірибесін жан-жақты қалыптастыру қажеттілігі бүгінгі мектептің басты мақсаттарының бірі.

Психикалық дамуы тежелген балалардың бастауыш сыныптарды байқалған бойларындағы үлгермеушілігі оқу бағдарламасы күрделенген сайын оқуды толыққанды меңгеруде үлкен қиыншылықтар туғызары сөзсіз. Себебі психикалық дамуы тежелген балалардың бастапқы білім, білік, машықтарын толық меңгере алмағандықтан, ортаңғы буын сыныптарына келіп, материалдардың күрделенген кезінде мүлдем үлгерім қатарынан шығып қалуы мүмкін. Демек, психикалық дамуы тежелген балалармен қосымша жұмыс атқару тиіс, баланың ойлау, сөйлеу, қиялдау, шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында.

Білім берудегі қоғам талабына сай технологиялардың көмегімен жаңа білім беру парадигмасы іске асатын құрал ретінде қарастырылады. Оқыту технологияларының даму тенденциялары тұлғаның өзін-өзі тануына және өзін-өзі дамуына мүмкіндік беретін гуманитарлық білім берумен тікелей байланысты. Қазіргі таңда қоғам ортасында білім беру саласында «білім беру технологиялары», «педагогикалық технология» терминімен қатар «оқыту технологиялары» термині қолданылады. Ұсынылған терминдердің арасында біріншісі көлемді болып келеді. Себебі білім беру технологиясында оқушының, үйренушінің тұлғалық сапасын дамыту және құрумен байланысты болатын тәлім тәрбиелік аспекті бар [3, 4].

Оқытудың ақпараттық технологиялары:

Білім беру жүйесінің бірқатар дамуындағы көрсетілген беталыстар мен өзгерістер жаңа ортаның — ақпараттық қоғамның пайда болуына байланысты екендігі жоғарыда айтылды. Мұндай беталыстарды мемлекетіміздің мектептерінде жүзеге асыру үшін оқу орындарына жаңа ақпараттық технологияларды, оқыту әдістері мен түрлерін заманға сай білім беруді енгізу жүргізілуде. Жаңа оқыту технологиялары білім беру сапасын көтеруге ықпалын тигізіп қана қоймай, білім беру қызметіндегі бәсекеде өзінің мүмкіншілігін арттыруға ықпал етеді.

Заман талабына сай электрондық Web-оқулықтың қандай екендігі туралы біртұтас ойдың болмауы көзқарастың жан-жақтылығында. Жалпы электрондық оқулық дегеніміз — мультимедиялық оқулық.

Оқытудың кез келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен жұмыс істеуге жағдай жасайды. Осы уақытқа дейінгі оқыту, білім беру саласында тек ұстаздардың айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сол себепті қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды қолданбай алға жылжу мүмкін емес, сондықтан электрондық оқулықтың құрылымы сапалы жаңа жоғары деңгейде болуы тиіс. Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілін дамытуда қолданатын электрондық оқулық оқушының уақытын үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және оқушының ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге зор ықпал тигізеді.

Сонымен қатар психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілін дамытуда қолданатын электрондық оқулықтарды сабақта қолдану кезінде психикалық дамуы тежелген балалар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық жұмыстар орындайды. Әрбір оқушы таңдалған тақырып бойынша тапсырмалар орындап, тестілер шешіп, карталар және схемалармен жұмыс жасауға дағдыланады.

Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілін дамытуда қолданатын электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, бейнекөріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады.

Бұл, әрине, ұстаздың тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен психикалық дамуы тежелген балаларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп ойлаймыз.

Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілін дамытуда қолданатын электрондық оқулықтарды қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының күрт артқандығы байқалады. Сондай-ақ ұстаздарға де өзіне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан пайдалана алады. Электрондық оқулық — бұл заман талабына сай дидактикалық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе.

Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілін дамытуда қолданатын электрондық оқулықпен оқыту ұстаздың оқушымен жеке жұмыс істегеніндей болады. Дәстүрлі білім беруде кейбір оқушылар түсінбей қалған материалды мұғалімнен қайталап сұрай беруге кейде қысылады немесе ұялады, сондықтан да жаңа тақырыпты дұрыс қабылдай алмауына

әкеп соғады. Ал электрондық оқулықпен жеке жұмыс істеуінің арқасында психикалық дамуы тежелген оқушылар сол тақырыпты бірнеше қайталап оқуына, тыңдауына, тіпті түсінбеген сөзді бөліп анықтама бөлімінен қарауға, сол сөздің түсіндірмесін білуіне, оның грамматикалық жасалу жолдарын білуіне көптен-көп көмегін тигізеді [5].

Электрондық оқулықтар психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілін дамытуда білім сапасын бақылау жүйесін өзгертуге жоғары деңгейде көтеруге мүмкіндік жасайды. Дәстүрлі оқытуда әр оқушы мұғалім тарапынан қадағалау өте жиі болмай қалуы да кездеседі, ал электронды оқулықтың көмегімен оқыту үрдісінің әр кезеңін бақылай алады. Тіпті кейде психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының тапсырманың дұрыс орындалуын ғана қадағалап қоймай, қате орындаған жағдайда оқулықтың тарауына, керекті тақырыбына немесе қажет ақпаратқа сілтемелер беріп отырады.

Бұл психикалық дамуы тежелген балалар үшін, біріншіден, үлкен көмек, жеңілдіктер туғызса, екіншіден, сол материалды автоматты түрде бақылап, әділ бағасын беруге, балалардың қажетіне қарай кеңес беруге, сол жайында барынша мәлімет алуға мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар оқушы жалпы грамматикалық анықтамаларды оқи отырып, білімін тереңдете алады. Міне, жан-жақты қарастырылған мүмкіндіктердің барлығы оқудың мотивациясын күшейтеді, оқушылардың тілге деген қызығушылығын, оқуға деген белсенділігін арттырады, оқытудың дәстүрлі ұйымдастыру формасынан шығып, білім беруді даралауды күшейтеуге көп көмегін тигізеді. Электрондық оқулықта берілген мәтіндік материалдар белгілі бір қатынас жағдайында қолданылатын сөйлемдерді құрайды. Сұхбаттар көлемі жағынан оқушылар шағын және жеңіл жатталады.

Электронды оқулықтар психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілін дамытуда:

- білім алу деңгейін тереңдетуге;
- ауызекі тілде сөйлей білу дағдыларын жан-жақты қалыптастыруға;
- өз бетінше терең іздену қабілетін қалыптастыруға;
- ойлау процестерін дамытуға;
- сөздік қорының түзелуіне, молаюына;
- тілді үйренуге деген ынтасы мен қызығушылығының жоғары деңгейде артуына;
- сабақта өзін еркін ұстап үйренуіне, өз мүмкіншілігін кеңінен пайдалана алуына;
- өз ісіне терең талдау жасай алуға көптен-көп көмегін тигізеді.

Қорыта келе айтарымыз, оқу үрдісінде психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілін дамытуда электрондық оқулықты қолданудың маңызы өте зор.

Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларының электрондық оқулықпен сабақ бойы үздіксіз байланыста болғандықтан, тілді меңгеруіне үлкен мүмкіндіктері бар. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде электрондық оқулықтарды сабаққа пайдалану оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Ой өрісі дамыған, шетелдік білім жүйесінен қалыспайтын жас ұрпаққа білім беру жолындағы ортақ міндетті өз мәнінде жүргізу үшін, бір-бірімізден тәжірибе алмасып, кемшілік-жетістіктерді айтып отырсақ, жұмысымыз өнімді болады деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Астапов В.М., Лебединская О.И., Шапиро Б.Ю. Теоретико-методологические аспекты подготовки специалистов социально-педагогической сферы для работы с детьми, имеющими отклонения в развитии. — М., 2005. — 256 с.
- 2 Специальная психология / Под ред. В.И.Лубовского. — М.: Академия, 2005. — 47 с.
- 3 Специальная педагогика: учеб. пособие / Под ред. Н.М.Назаровой. — М.: Академия, 2000. — 519 с.
- 4 Коррекционная помощь детям раннего возраста с органическим поражением центральной нервной системы в группах кратковременного пребывания / Под ред. Е.А.Стребелевой. — М.: Просвещение, 2001. — 158 с.
- 5 Дефектология: Словарь-справочник / Под ред. Б.П.Пузанова. — М.: Академия, 2001.

А.М. Рахметова, Г.С. Ашимханова, А.С. Кударина

Значение электронного пособия в развитии речевой деятельности учеников начальной школы с задержкой психического развития

В статье освещено использование электронного пособия для развития и совершенствования речевой и коммуникативной деятельности детей с задержкой психического развития. Отмечено, что с помощью такого пособия можно эффективным образом воздействовать на познавательные и мыслительные процессы, коммуникативную функцию, личностные и нравственные качества детей данной категории. В формировании и развитии речи детей с задержкой психического развития, подчеркнута авторами, использование электронного пособия повышает способности к познавательной активизации, поиску нужной информации и позволяет сделать данный процесс непрерывным, интересным, связанным с потребностями повседневной реальной жизни.

A.M. Rahmetova, G.S. Ashimhanova, A.S. Kudarinova

The value of electronic aids in the development of speech activity of children with mental retardation

This publication mentions the use of electronic aids for the development and improvement of speech and communicative activity of children with mental retardation, and through this grant can be an effective way to influence the cognitive and mental processes, communicative function, personality and moral qualities of children in this category. The formation and development of speech of children with mental retardation use of electronic aids increases the capacity for cognitive activation, finding the right information, and allows you to make this process neprervnym, interesting, related to the needs of everyday real life.

References

- 1 Astapov V.M., Lebedinskaya O.I., Shapiro B.Yu. *Theoretical-methodological aspects of training of specialists in social and educational spheres to work with children with developmental disorders*, Moscow, 2015, p. 256.
- 2 *Special psychology*, edit. V.I.Lubovskiy, Moscow: Academy, 2005, p. 47.
- 3 *Special Education: textbooks*, edit. N.M.Nazarova, Moscow: Academy, 2000, p. 519.
- 4 *Correctional help young children with organic lesion of the central nervous system Group short stay*, edit. E.A.Strebeleva, Moscow: Prosvechsheniy, 2001, p. 158.
- 5 *Defectology*, reference dictionary, edit. B.P.Puzanov, Moscow: Academy, 2001.